

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Әшімтай Қанатбек Нартайұлы

kanatbek_kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Кожахметов З. К.

Кез келген мемлекеттің қызмет етуінің маңызды бағыттарының бірі - ол мемлекеттік бюджет шығыстарын үйлесімді қалыптастырып, тиімді пайдалану болып табылады.

Мемлекеттік бюджеттің шығыстары – бұл қолданыстағы заңнама тәртібімен мемлекет тарапынан ақша қорларын қалыптастырып, бөлуге байланысты жүзеге асырылатын қызмет. Мемлекеттік бюджет шығыстары мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын орындауына байланысты туындайтын шығындарды білдіреді. Бұл шығындар мемлекеттің орталықтандырылған ақша қаражаты қорының қаражатын әр түрлі бағыттар бойынша пайдалану үдерісі жүргізілетін экономикалық қатынастарды білдіреді.

Мемлекеттік бюджет шығыстарының мәнін ашуда В.Дрожиева былайша анықтама береді: «Мемлекеттік бюджет шығыстары – бұл бюджет заңнамасының нормаларымен реттелген, қоғамдық маңызды мақсаттардың тиімділігіне қол жеткізуге арналған ақша қорын пайдалану үдерісі» [1].

Мемлекеттік бюджет шығыстарын Г.Поляк былай анықтайды: «Мемлекеттік бюджет шығыстары – бұл бір жағынан мемлекет, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар, екінші жағынан, орталықтандырылған ақша қаражаты қорлары арасында туындайтын экономикалық қатынастар», - деп атап өтті [2].

Көптеген әдеби-ақпараттық көздерде, еңбектерде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктер мен ведомстволардың нормативтік актілері мен ұйымдардың жарғыларында мемлекеттік шығындарының мәні, мақсаты мен объектілері сан-алуан түрлі анықталғанымен оның негізгі сипаты нақты көрсетілген: бұл бюджет және бюджеттен тыс қорлардан және мемлекеттік кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың меншікті қаражаты негізінде қалыптасып, пайдаланатын мемлекеттің ақша қаражаттары.

Яғни, жалпы мемлекеттік шығындар екі деңгейде қалыптасады – ол мемлекеттік бюджеттік шығыстары және мемлекеттік бюджеттен тыс шығыстар.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне сәйкес мемлекеттік бюджет шығыстары, бюджет тапшылығын қаржыландыру көздері болып табылатын қаражатты қоспағанда, бюджеттен төленетін ақша қаражаты. Авторлардың көпшілігі Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің анықтамаларын ұстанады және өз жұмыстарында осы анықтаманы көрсетеді [3].

Мемлекеттік бюджет шығыстарының әлеуметтік-экономикалық мәні олардың ерекше экономикалық және әлеуметтік қызметтер атқарып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі ақша-қаржылық құралы ретінде пайдаланылуын көрсетеді.

Мемлекеттік бюджет шығыстарының экономикалық мәні мен қызметі мемлекеттің ұлттық экономикадағы үрдістерде, ақша-қаражат арқылы, жалпы ұлттық өнімді бөлу және қайта бөліп, ұлттық табыстың өсуіне, экономиканы құрылымдық реттеп, өзгеруіне, шаруашылықтың жекелеген салалары мен секторларын дамытуға, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ету арқылы байқалады.

Мемлекеттік бюджет шығыстарының әлеуметтік мәні мен қызметі мемлекеттің әлеуметтік ақша-қаражат және табыс саясаты арқылы білім беру, денсулық сақтау, мәдениет т.б. осындай әлеуметтік салалардың дамуына ықпал ету арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет өзінің әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын жүзеге асыру барысында мемлекет бюджет шығыстарын қаржыландыруда белгілі біртәртібі мен ретін, яғни,



қағидаттарын ұстануы тиіс. Мемлекеттің шығыстарын қаржыландыру жүзеге асырылатын бірнеше қағидаттар бар.

Бірінші қағидат – бұл жоспарлылық қағидаты. Оның мәні - барлық бюджеттік шығыстар мемлекеттің жоспарлары мен бағдарламаларының көмегімен үйлесімді болуы қажет. Әрине, ең негізгі үйлесімділік - жоспарланған бюджеттік шығыстар мен мемлекет кірістері арасындағы теңдік сақталуы. Жоспарларда қаражатқа деген қажеттіліктер және оларды өтеудің қаржылық көздері көрініс табуы тиіс.

Екінші қағидат - ақша ресурстарының мақсатты бағыттылығы, яғни, белгілі бір уақыт аралығында мемлекетке қажетті нақты іс-шараларды жүзеге асыруға немесе белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге тиіс екендігін білдіретін ақша қаражаттарын нысаналы түрде жұмсау.

Үшінші қағидат – азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және т.б. мүдделерін сақтау қағидаты.

Төртінші қағидат – экологиялық қажеттіліктер мен мүмкіндіктер қағидаты, яғни, барлық қаржыландырылған шығындар экологиялық, санитарлық-гигиеналық және басқа да заңнамалық нормаларға сәйкес болуы керек, олар қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс [4].

Мемлекеттік бюджет шығыстарының негізгі анықтамалары мен олардың әлеуметтік-экономикалық мәні төмендегі суретте бейнеленген (сурет 1).

Сурет 1. - Мемлекеттік бюджет шығыстарының мәні мен қызметтері
Ескерту:[1] негізінде автор құрастырды.

Мемлекет өзінің әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын жүзеге асыру барысында, әрине, аталған қағидаттарды үйлесімді қолдануына ықпал ететін әртүрлі факторлар бар. Сондықтан, мемлекеттік бюджет шығыстарын тиімді пайдалану өте күрделі мемлекеттік іс-шаралық мәселелердің бірі. Яғни, мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігін бағалау – мемлекеттің қазіргі заманғы бюджет саясатының маңызды және ажырамас құралы.

Жалпы «тиімділік» деген экономикалық ұғым шаруашылық іс-әрекеттер немесе операциялар жүргізу нәтижесінде максималды пайда алу, яғни, басқаша айтқанда, «тиімділік» – ол нәтижелер мен шығындар арасындағы арақатынас.

Мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігі дегеніміз мемлекет тарапынан белгіленіп, пайдалану үшін бөлінген қаржы ресурстарынан максималды экономикалық немесе әлеуметтік нәтиже алу.

Заманауи ғылыми әдебиеттерде мемлекеттік бюджет шығыстары тиімділігінің мәнін анықтап, тұжырымдауда үш түрлі көзқарастық авторлық топты, яғни, үш түрлі тәсілдерді байқауға болады.

Зерттеушілердің бірінші тобы бюджет шығыстарының тиімділігі – қол жеткізілген (қол жететін) нәтиженің жұмсалған шығындармен арақатынасы деп санайды. Бұл тәсіл қоғамдық сектор экономикасының теориясында, үлкен экономикалық сөздікте көрсетілген, сондай-ақ оны Г.П. Хатри және басқа да бірқатар авторлар ұстанады.

Екінші топ – неоклассикалық теория – мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігі – бюджет қаражаттары (ресурстары) кім үшін ең үлкен құндылықты білдіретін болса, сол пайдаланушының иелігіне ұсыну.

Зерттеушілердің үшінші тобы мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігін қолда бар ресурстарды пайдалану кезінде ең жоғары нәтиже алу немесе тиісті сапа мен көлем қызметтерін ұсыну үшін ресурстардың ең төменгі шығыны ретінде айқындайды [5]. Мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігі қазіргі қазақстандық заңнамаларда да, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінде де қарастырылады [3].

Экономист-ғалымдардың басым көпшілігі мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігін қамтамасыз ету үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет екенін атап көрсетеді:

- бюджет шығыстары барынша нақты болуы тиіс, бұл ретте олар ұйымдарды қаржыландыруға емес, қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізуге бағдарлануы тиіс;
- бюджет шығыстары бойынша бағдарламаларды іріктеу конкурстық негізде жүргізілуі тиіс; конкурс рәсімдері ашық, айқын және кеңінен белгілі болуы тиіс;
- бюджет шығыстары мүмкіндігінше тұрақты сипатта болмауы тиіс, кезекті жылға арналған бюджетті жасау кезінде олардың құрылымы қол жеткізілген нәтижелерді талдау негізінде қайта қаралуы керек;
- мемлекеттік бюджет шығыстарының бағдарламалары қоғамдық бақылау үшін ашық және қолжетімді болуы тиіс; салық төлеушілердің қаражаты қандай мақсаттарға және қандай көлемде жұмсалатыны туралы жұртшылықты хабардар ету қажет.

Осылайша, мемлекеттік бюджеттің шығыстары – Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет тапшылығын қаржыландыру көздері болып табылатын қаражаттарды қоспағанда, бюджеттен төленетін ақша қаражаттары деп қорытынды жасауға болады. Бұл анықтама мемлекеттік бюджет шығыстары ұғымын неғұрлым дәл сипаттайды, сондықтан оны ерекшелейміз. Жоғарыда келтірілген анықтамалардан мемлекеттік бюджет шығыстары мемлекетке оның басты функцияларын, міндеттерін және мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді деген тұжырымдама шығаруға болады. Сондай-ақ, бюджет қаражатын жұмсау кезінде мемлекет барынша тиімділікті алу үшін мемлекеттік бюджет шығыстарының қаржыландыру қағидаттарына сүйенуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дрожиева В. В. Оценка эффективности бюджетных расходов [Электронный ресурс] // Экономические науки. - 2016
2. Поляк Г. Б. Финансы: учебник для студентов вузов, обучающихся по экономическим специальностям [Текст] / Г. Б. Поляк. - 4-е изд., перераб. и доп. М. : Юнити-Дана, 2013. - 703 с.
3. «Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі» - ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі
4. Рассолова, М. М. Финансовое право: учебник [Текст] / М. М. Рассолова. 3-е изд., перераб. и доп. - М. : Юнити-Дана, 2014. - 444 с.

5.Лагути Б. Г. Кто и как оценит эффективность бюджетных расходов [Электронный ресурс] // Журнал ВАК: управление экономическими системами. - 2012. - ГЖ: Факторы влияния на эффективность расходования бюджетных средств (дата обращения: 10.02.2016)